

БОТАНОВ ҚАСЫМ



**ЖИҢАҢГЕР
ЖҮЛДЫЗ**

БОТАНОВ ҚАСЫМ

**ЖИЪАНГЕР
ЖҰЛДЫЗ**

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
Б77

БОТАНОВ Қасым

Б 77 Жиһангер жұлдыз; өлендер/Қасым Ботанов -
Қарағанды: «АРКО» ЖШС, 2010-132 бет.

ISBN 978-601-204-058-6

Теміртаулық ақын Қасым Ботановтың бұл жинағына соңғы жылдары жиналған өлендері енді. Ақын өлендерінде Теміртау қаласының өмірін, комбинаттың тынысын, қала халқының тұрмысын тілге тиек етеді. Ақынның бұл жинағы да қалың оқырманның көңілінен шығады деген үміттеміз.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-204-058-6 © Ботанов Қ., 2010

НЫСАНА

Түсімде.
Үйсіннің ішінде,
ел қорғап жүр екем,
Есімде сол аңыз.
Үш жебе ұсынып тұр екен,

Жалайыр Бабамыз.
Түйрейді сөзбенен,
Мен әлі сол сөзден тұтанам.
-Болуы шарт-дейді көздеген
үш бірдей нысанаң.

Біріншің -
Елің мен жеріңді қорғауға,
Еліңмен, жеріңмен тірісің.
Болмайды жебені басқаға жолдауға,
Тимесе өзгенің құлысын.

Екіншің -
Тілінді сақтауға,
Тілің - ол ойыңның өрісі.
Ақылдың жемісі.
Аянба бұны да ақтауға,
Тілімен тұтасып тұрады ел іші.

Үшіншің -
Болашақ ұрпағың.
Киелі болғай да жарыңның құрсағы.
Қалатын артыңда бар ізің,
Бұл сенің үшінші парызың.

Үшеуін орындай алмасаң,
Өткерген өмірің далбаса.
Жебенің керегі шамалы,
Көздеген нысанаң болмаса.

ҚАЗАҚСТАНЫМ

Қиялым-қыран дара тұлғалы,
Тарихтың төрі-тұғырым.
ЕГЕМЕН ЕЛМІН!!!

Арасындамын
Жұлдыздар патшалығының.

Тайсалмай шешіп тағдырын елдің,
Жыртығын жердің жамадым.
Гелиоскоптар-таңғы гүлдерім,
Тосады күнге шанағын.

Аспанға жайып алақанымды,
Аятқа ұран қосамын.
Сақта құдайым, ғаламшарымды,
Осында менің Отаным.

Өтемін мәңгі қолға көтеріп,
Жайлауым осы, қыстағым.
Еуразияны қорғап өтемін,
Осында Қазақстаным.

Қазақстаным-Алтын бесігім,
Жауыңа шабам жасқанбай.
Кеудеммен жабам озон тесігін,
Амбразураны жапқандай.

Бабаларыма тәу етемін де,
(Солардан қалған бөрі едім).
Белімді будым, тәуекеліме,
Қиынға жұмса мені елім.

Есіме түсті Қазақ екенім,
Күдіктен мүлдем арылдым.
Өмірді сенсіз талақ етемін,
Жаным құрбаны арымның.

Қанымда қайнап алапат сезім,
Қапасты бұздым, азатпын.
Еншіңе біреу алартса көзін,
Құрбаның болар Қазақпын.

ҚҰЙҒАН

Білімнің балын санама құйған,
Балаймын сені анама Құйған.
Ұшырған баптап балапандардың,
Оралса бірі қанағат қылған.

Көктемде, көлдің жағасындағы,
Құс базарының жанатын бағы.
Керімсал жүзіп,
Кербез таранып,
Толқынды құшар қанатын қағып.

Жағада жусап қамыс, құрағы,
Барқасқа мініп,
Қанып құмары.
Балқашқа таңнан түзейтін бетін,
Бақытын аулап балықшылары.

Арнасы жылда аршылып құмнан,
Ағатын Іле алқынып қырдан.
Қыздары елдің салтын ұқтырған,
Ұлдары көкке талпынып туған.

Әлемнің арбап жырақ шатқалы,
Біздерді тағдыр, тұрақтатпады.
Қатар ұшатын қарлығаштар ек,
Көре алмай жүрмін кластастарды.
Ақталмады деп-келісім ізгі,
Жазғырып жүр ме ел іші бізді.
Кетсек те шалғай,

арымай,

талмай,

Таратып жүрміз жемісімізді.

Жер шетіндеміз,
Жел өтіндеміз.

Келер ғасырға енетін де біз.
Айналын күнді, кеңістік кезген,
Нұх пайғамбардың кемесіндеміз.

ІЛЕ

Жерсіз менің күнім жоқ,
Жерсіз менің құным жоқ.
Атырапта жайқалам,
Жапырақша - гүлің боп.

Таң нұрынан жаралдым,
Таңғы шықтан нәр алдым.
Жапыраққа жиылып,
Тамшы болып тарандым.

Тазалыққа жүгіндім,
Бұлақ болып жүгірдім.
Толқын болып жалтарып,
Жартастарға сүріндім.

Денді алқапты суардым,
Жеміс піссе қуандым,
Сезім болып тасыдым,
Төзім болып суалдым.

Шатқалдарда шайқалдым,
«Адалдығым байқалды».
Жетіп бүгін жазыққа,
Өзен болдым байсалды.

Арнама күш жинадым,
Кемеріме симадым.
Қуат беріп ГРЭС-ке,
Қалың елге силадым.

Елсіз менің күнім жоқ,
Елсіз менің құным жоқ.
Елім сенің өтемін,
Құлақ кесті құлың боп.

Болса менде керегің,
Бұлдамай-ақ беремін.
Балқашқа кеп жығылып,
Мәңгілікке енемін.

Жаның тыныш,
достарың күндемесе,
Кеш қайтқанда әйелің үндемесе.
Сырластарың құлақты сарсытпаса,
Көршің мазаламаса күнде неше.

Бірақ жан мен түйсікке тыным бар ма,
Тығырыққа тіршілік тығылғанда,
Үндемеудің өзі де үлкен күнә,
Кеуденде жан,
ділің мен тілің барда.

Қиянат қой,
ғашықтар түн қатпаса,
Құба таңда құс әнін тыңдатпаса.
Ізгілік пен зұлымдық майдандасып,
Әділ қазы қоғамың тіл қатпаса.

Бұлт астына көміліп күн шуағы,
Ақын ашпай көмейін қырсығады.
Жарылардың алдында жанартау да,
Дәл осылай бұйығып тұншығады.

Тоғышарлық тарылтып мол тынысты,
Тепкілейді түйсікті толқын ішкі.
Заман тулап жатқанда,
қоғам тулап,
Жүрек үнсіз қалғаны қорқынышты.

Түсті тағдыр ауыр сынға,
Жиһанданды заманым.
Тілім ауып ағылшынға,
Батысқа ауды қадамым.

Миым тыным бір алмайды,
Жүйкемді құрт кемірген.
Шыққыр көзім ұялмайды,
Порнофильм көруден.

Етер ме екем дінді құрбан,
Ықпалымен үрдістің.
Кришнаға құлдық ұрған,
Үмбетімін үндістің.

Бакспенен бағаланды,
Құнды бұйым дегенім.
Басым - добы балалардың,
Тепкісіне көнемін.

Құл боп біттім жаманға да,
Мен несіне мақтанам.
Қолымдағы қалам ғана,
Егемендік сақтаған.

ҚҰЛПЫТАСТАҒЫ ЖАЗУ

МЕН - Соғыспын.

Алапат ғасырлардың,

Берекесін бүлдіріп, қашырғанмын.

«Адам затын күнәдан арылтам» - деп,

Жақсылықтың атымен ашылғанмын.

Оқпен,

отпен тығындап құлқындарды,

Жанды жалмап құнықты ұртым қанды.

Құрансыз-ақ,

Құдайдың атыменен,

Құрбандыққа шалып ем қыршындарды.

Көз жасы боп жетім мен жесірлердің,

Нюрнбергте жазаға кесілгенмін.

Сендер үшін жиһаннан жұмақ таппай,

Тастап кеткен жайым бар бетін жердің.

Жақсы менен жаманды жатсынбаған,

Құлпытастың бұйыртсын астын маған.

«Жаман ырымға» балап бабаларың,

Қанішердің қабірін аштырмаған.

Сол ғұрыпты, болашақ, жалғаңыздар.

(Жер бетінде мен жайлы қалды аңыздар).

Жиырмасыншы ғасырда жерленіп ем,

Жиырма бірде тірілтіп алмаңыздар.

АНАФЕМА

«Не уби.»
(Инжидің бір қағидасы)

Шіркеу іші безенген,
Иса-Мәсіх шегеленген айқышпен,
Қарт архирей алды дағы шоқынып.
Қанды қырғын қарсаңында ант ішкен,
Солдаттарға,
уағызнама оқыды.

-Сонау Арғын шатқалында жауың бар,
Өлтіріндер!,
Кекті қанмен қайтарып!!
...Қайырымды құдай ұлы жайында,
Мүгедек боп оралғанда айтамын!

Толассыз көшіп өмір керуені,
Жылдардың көбегесі сөгіледі.
Шау тартып шыныменен қалдындар ма,
Кешегі бір дәуірдің серілері.

Кезінде жігіт болдық сері кілең,
Көмейдің жалын шаштық көрігінен.
Жасындай қара түнді жарып өттік,
Кешегі жиырма бестің желігімен.

Қайнаған балқымадай қан қызуы,
Біз едік бір дәуірдің жаңғырығы.
Сендерге мені әйтеуір қойды байлап,
Әлемдік тартылыстың зандылығы.

Сендерсіз ұзақ таңға көз ілмедім,
Жүрегім өздеріңмен егіз менің.
Кіршіксіз пейілдерді аңсағанда,
Тал түсте шырақ алып сені іздедім

Туғандай болып едік бір анадан,
Барады дөңгеленіп мына заман.
Біреуін бес пейіштің қала десе,
Ортанды өздеріңнің сұрап алам.

Алдымда жолым жатыр жеткізбеген,
Қараөткел, Есіл өзен өткізбеген.
Алысып ауыздықпен келеді әлі,
Көңілдің көк дөнені жоқты іздеген.

Жауда қалса қайтер ең қандастарың,
Шемен шердің отырмын қозғап бәрін.
Бармысындар қатыгез зар заманда,
Ағайыннан көз жазған боздақтарым.

Көн етікпен қыр кезіп кеттіндер де,
Тар жол тайғақ кешуден өттіндер ме?
Ауыздықпен су ішкен арғымақтар,
Арып ашып үйірге жеттіндер ме?

Сүйінбеске бола ма шақта мына,
Ат айналып қазығын тапқанына.
Бір шокжұлдыз жолықты жамырасып,
Түгін шалған Теміртау аспанында.

Туыстық нұр шашырап көздеріме,
Шақырамын, шығындар төрге міне.
Үркіп ұшқан сезімтал аққуларым,
Құлазыған қонындар көлдеріме.

Жетпесе де жұртымда күтім мейлі,
Жыртығынды пейілмен бүтіндейді.
Қаламызда азғантай ағайынның,
Сендер үшін жүрегі лүпілдейді.

Айнымас бабалардың сертін күткен,
Айрылмай келе жатыр ел тірліктен.
Көппен бірге көретін ұлы тойға,
Қосылындар егемен, еркіндікпен.

Топанынан тарихтың қалғанда аман,
Ата жұртсыз үмітім жалғанбаған.
Топырағы бүлік етіп тартады кіл,
Кіндік қаны Бабамның тамған далам.

Қанатымның астынан сағым қашып,
Алыс кетсем даламнан жазым басып.
Тынысымды жұпары тамсандырып,
Табанымды тартады жазирасы.

Қуырылып даланың төсі күнге,
Титықтаса тарихтың көші мүлде.
Қазақ деген көшпелі керуеннің,
Дәуірінен хақы жоқ кешігуге.

Арылмаған серілік сан әдеттен,
Дастарқандай киелі дала неткен,
Бір түйір дәмін татып аттанғандар,
Бір уыс топырағын ала кеткен.

Көне аңызды қария айтады ептеп,
«Елу жылда ел жана» - қайта көктеп,
Топырағына егілген түйіршік дән,
Жайқалады келер жыл бәйтерек боп.

Атамекен сағынтып жасыл алаң,
Қандастарым тарыдай шашыраған.
Туған жерден топырақ бұйырсын деп,
Жеткізеді жеріне басын аман.

АНАМНЫҢ ТІЛІ

Анамның тілі-ардағым менің,
Ақ сүтпен емген арманым менің.
Өзіңмен бірге танылып елге,
Алаңсыз өткен арда күндерім.

Мәуелі тілдің бұрымды бағын,
Өсірген баптап бұұрынғыларым.
Мақалмен өрген даналық сөзбен,
Ашып ең маған білім бұлағын.

Елдіктің тінін қорғайтын дәйім,
Тілімде жатыр тозбайтын дарын.
Шешендер тілмен түйін түйіпті,
Тіспенен шеше алмайтындайын.

Аңыздарына сыр тұнған ғалам,
Сомданып тұлғаң тұрсың жан бабам.
Ертектіңе еніп түсімде,
Бесік жырынсыз ұйқым қанбаған.

Намысқа шапсаң, бүйірден тіліп,
Қылышқа қарсы шүйілген тілім.
Әділін айтқан Бидің сөзіне,
Ханның да басы иілген тұғын.

Сайыста- қыран, мұзбалақ құсым,
Сезімде-қылаң құдай ақ мүсін.
Сүйінген сәтте балдай тәттісің,
Ашынған сәтте удай ащысың.

Өзіңмен атты тандарым керім,
Өзіңмен өтсін алда күндерім.
Бабамнан қалған байрағым едің,
Анамның тілі-ардағым менің.

Арбаудан астын әлемнің,
Қанады қашан құмары.
Тістері сұлу әйелдің,
Күлкісі келіп тұрады.

Алардай жаулап көрмені,
Арудың әсем тұмары,
Силикон төстер кеудені,
Көріктендіріп тұрады.

Кердеңдей басып, керіктей,
Жолыңды кесіп өтсе егер.
Пейіште піскен жемістей,
Желіктіреді бөкселер.

Тиятын әдеп бұзғанды,
Дәстүрім қайда кешегі.
Сирағы сұлу қыздардың,
Қырқылып бітті етегі.

Сарсаңға миды салатын,
Сан сауал түсті басыма.
Әлемді сақтап қалатын,
Сұлулық деген осы ма?

СӘТ

Өмір-елес!
Нанасың ба?
Таусылмайтын әттені.
Өң мен түстің арасында,
Барады өтіп сәттерім.

Мәңгілік бар!
Біз білмейтін,
Бірақ бәрің баратын.
Түсініпте үлгірмейсің,
Сәттеріңнің бағасын.

Қас-қағымда,
Адамдардың,
Қанбай жатып құмары.
Дөңбекшіген ғаламшары,
Күнді айналып шығады.

Тізгініңді ұста мықты,
Мінсең атқа,
Таққа да.
Күрмеп үлгер қысқа жіпті,
Өмір деген сәт қана.

Ғасыр шығар.
Кім біледі,
Лүп еткенше жүрек бір.
Аққан жұлдыз үлгіреді,
Жарқ еткізіп түнекті.

ҚАРҒА

Құсбегі бабам! Сұңқарды баптап ұшырдың,
жеткені мынау күшімнің.

Қарағаштағы жағы сембеген қарғаны,
Қапысын тауып таспенен атып түсірдім.

Қарқ етті қарға,

қанаты сынып қапыда,
Абайлап басып жақындап келдім қасына.
Тағы тірліктің қайсар ұлындай қарсы алды,
Қашатын емес қатерден төнген басына.

Үрей жоқ көзде,
қарашы мұның қырсығын,
Айбат шегеді, қайшылай керіп тұмсығын.
Мына бәтшағар айыптап тұр ғой адамды,
Қарғаның қиған қыршынын.

-«0, адам!

Сенің тажалың тақап қалғанын,
Кештеу түсініп, тістелер әлі бармағың.
Үш жүзге бөліп бір елді,
жаға жыртысып,
Өз бауырыңды құрбандығыңа шалғаның.

Отыз екіде* аштан қырылған атаңның
Көзін шоқыған қарғамын!!
Қарғаның көзін шоқымайтуғын қарғамын!!!»

1932ші жылы аштықты мензеп.

Аңғал жүрек,
өмірден не білесің?
Өмір айқас! Орын жоқ шегінетін.
Білесің бе көңілімде сенім барын,
Күдік те бар сананы кеміретін.

Бұлт шымылдық астына ай жармасқан,
Бақытымды жасырды тайған бастан.
Көлеңкесі өмірдің сахнада,
Махаббат пен ғадауат майдандасқан.
Көнелерден бар ма еді естігенің,
Жақсылықтан үзбеген еш күдерін.
Білесің бе өмірдің ағысында,
Асылдың да сынығы ескіретін.

Сақтап едің шайқамай нені есіңе,
Сағымданған дәуірдің елесі ме?
Дүбірлеген тұлпардың тұяғы ма,
Суылдаған дұшпанның жебесі ме?

Бұл тірліктен бар ма еді қалағаның,
(Мен өзімнің ойыма қамаламын).
Білесің бе алдыңғы шептегіге,
Алғашқысы жебенің қадаларын.

Көкжиекті күйдіріп қарашығың,
Тас үгіліп,
тұяқтан таға сынып.
Байыз таппай тізгінді жұлқа тартып,
Қайда асығып барасың аласұрып.

Не силаймын мен саған?..
Кеудендегі күдікті,
Күте, күте шаршаған
Үзілмейтін үмітті.

Шаршап келіп жұмыстан,
Қалжыраған кештерді.
Ұйқысыз түн - зымыстан,
Қалдырмайтын еш белгі.

Тағдырыңа табынып,
Түншыққанда тым-тырыс.
Жанартаудай жарылып,
Шығады іштен күрсініс.

Жастығыңды сүйгізіп,
Өксіттім бе жаныңды?
Маңдайыңа тигізіп,
Ыстық алақанымды.

Тамсандырған тандайды,
Тамшы жасың сүйікті.
Кигізе де алмаймын,
Саусағыңа жүзікті.

Жүрек мынау,
Алқынып,
Жар жүгінен шаршаған.
Бұдан басқа, жарқыным,
Не силаймын мен саған.

Араным аш,
жылан тілі жалаған.
Періштелер қашып кетті қаладан.
Пенделерін сатып кетті заманым,
Жалбарындым,
жарылқашы жан анам.

Жарға соқты күміс қанат арманым.
Айналамда алдау,
арбау,
жалған үн,
Жауынгердей жау тылында,
Қоршауда,
Жалғыз қалған үмітімді жалғадым.

Сейілте алмай сезімдегі тұманды,
Дал боламын,
болашағым күмәнді.
Бізден қашып сіңіп кеткен ғайыпқа,
Періштелер қайда әкетті күнәмді.

Көктем биыл кешікті,
сағындырды,
Қашан көкке бөлейді сағым қырды.
Алтынкүрек адасып жүр аулақта,
Қыс күпісін шешпейді бағым нұрлы.

Қарсы алады жыл басын ел ізетпен,
Кежегесі маусымның кері кеткен.
Қыр астында, әдейі, аттан құлап,
Жатып алды еркелеп Сері - көктем.

Қырық жігіт, қырық қыз ұстап атын,
Кілем төсеп жайғандар құтханасын.
Керуені құстардың келеді әне,
Кеудесімен ысырып құс қанатын.

Тулайды енді бұлақтар бұйыға аққан,
Құлпырады қырларым күйі қашқан.
Гүлдер ашып қырмызы еріндерін,
Қыз көзіне кетердей сиып аспан.

Қаз пейілді қазаққа жақын бұл шақ,
Күн күркіреп,
жалт етіп жасын бір сәт.
Көкке қарай көтеріп бұтақтарын,
Атылады ағаштар - жасыл бұрқак.

Құстар қайта табысып тұма, көлмен,
Арман асып келеді құба белден.
Көктем селі тазартып пейілдерді,
Тұрсын аумай басымнан мына дәурен.

МӘУЛІТ ТҮНІ

(Раев Серікқали қажыға)

Шексіздікке санамыз құлаш ұрды,
Мәңгі нұрдан жаралған тұма сынды.
Он сегіз мың ғаламның сырын ашқан,
Қарсы аламыз қалғымай мына түнді.

Мәуліт түнде
Сезініп Ай жанғанын,
Кіндігіммен ғаламға байланғамын.
Әмина - Ана тербеді тал бесікте,
Тәңірімнің сүйікті пайғамбарын.

Лә иллаһа илалла-Алла жалғыз,
Иман жолын тіледік Алладан біз.
Мұхаммад Расул аллаһ хадистерін,
Тал бесікте жатып-ақ тыңдағанбыз.

Қайсарлықпен қажымас ерге біткен,
Тауқыметін тағдырдың тең бөліскен.
Отыз үш мың сахаба осы түннен,
Ада бола бастады пенделіктен.

Дінсіздіктен осылай құтылғанбыз,
Ақ ниетті Аллаға ұсынғанбыз.
Құран сөзін қасиет тұтатұғын,
Мұхаммедтің үмбеті - мұсыланбыз.

Толғатып шықты қала түнімен,
Шырылдап құрыш - шарана.
ГРИНПИС-тің қарашығымен,
Қарайыншы бір қалама.

Шынымен жерге қауіп төне ме?
Түтінге далам тұншығып.
Мен тұрмын үнсіз Жауыр төбеде,
Қисық ағаштай қырсығып.

Құландар үркіп,
жапалақ жылайды,
Қойдан да жуас бұл манда.
Протон келіп төбене құлайды,
Құдай төбеден ұрғанда.

Шықпаған көзім, көріп келемін,
Қырларды кепкен тандыры.
Апанның* жатыр көміп көмейін,
Сынаптың улы қалдығы.

Сайғақтың сайда сәні де кірмей,
Ауа да, жер де тарылып.
Аңшы жүр әне, әзірейілдей,
Қару-жарағын тағынып.

Қырлардың қанқа, бедері қалса,
Құрдымды кезіп жаңғырық,
Білмейді ешкім, төзеді қанша,
Табиғат Анахандығы...

Алланың ақтық көмегін іздеп,
Жықпылға бұқты бұлдырық.
-Құдайға шүкір,..
Өлеміз біздер,
Үлгермей бәрін бүлдіріп!

*Апан - Полигонға айналған Теміртау маңы

1995 ЖЫЛ

Одаққа жетіп атағы,
Жиылып жастар өрімтал.
Өндіріп өнім сапалы,
Дүрілдеп тұрды Теміртау.

Түтіні тұтам тұлымдай,
Желбіреп, көктен қол бұлап.
Құдайдың кенже ұлындай,
Теміртау үшін Комбинат.

Кеудеден қызыл от өріп,
Ошағын жағып ырыстың,
Күн сайын қазан көтеріп,
Қотарып бақты құрышты.

Ыдырап Одақ - жарықтық,
Бүлінді дені сау қала.
Кезеңі келіп нарықтың,
Комбинат түсті саудаға.

Қармансам қолым жетер ме,
Қалмаған жұртта бұйым қай?
Комбинат кетті шет елге,
Тек Қазаққа бұйырмай.

КОКС

Тілімнен түсер аунап жыр,
Ерліктен ерен ту жасап.

Коксохимнан сен аулақ жүр,
Еңбекқор болып тумасаң.

Секілді бейне жер асты,
Газбенен тозаң қосылған.
Осында иіс ең ашшы,
Ең ашы жұмыс осында.

Фенолыңменен, бензолың,
(Мұқият тыңда оқырман).
Шығатын ащы тер болып,
Химия біткен осында.

КОКСсыз бұнда атпас таң,
Көмірден шыққан шындалып.
ҚОҚЫС деп қалма баттасқан
Авгидің қорасындағы.

Түспейді төмен қабағың,
Түсіне білсең осыны.
Қайнатқан ырыс қазанын,
Ондірістің бұл отыны.

ОТТЕГІ

(Медетов Пазылбекке)

Ең қымбатты газ іздеп,
Орманға айтар назым көп.
Орман газын былай деп,
Түсіндірді Пазылбек.

- Жұмсалып көп кәсіпке,
Шығын болған - Оттегі,
Озондағы тесікке,
Тығын болған - Оттегі.

КОНВЕРТОР ЦЕХЫ

Домнадан шығып, ептеп терінді үгіп,
Конверторға жетесің жеңіл жүріп.
Байыттырып құрамын,

кайта сомдап,

Шығарасың шойынды темір қылып.

Сезіп қалса қылдай бір кінәратын,
Сарапшыдан сөз естіп, сыналасың.
Мандай термен суарып,

майға малып,

Болат қылып темірді шығарасың.

Бұл өндеудің шегі жоқ дұрысында,
Темір-төзім түседі ұлы сынға.
Ғарышкерлер киетін кіреукелік,
Беріш болып шығады құрышың да.

Бір ұғымды қолдайды халық толық,
-Конверторда шындалып,

жанып,

тоңып.

«Құрыш қалай шынықса» дәл осылай,
Азаматтар шығады Алып болып.

ҚАҢЫЛТЫР ЦЕХЫ

Жұпар жел беттен өпкенде,
Көбелек қумай көк белде.
Тамызып ащы терінді,
Қаңылтыр өндірі көктемде!

Айтарым саған наз ғана,
Қанағат қылып азға да,
Бел шешіп жатпай бусанып,
Қаңылтыр өндірі жазда да!

Жеткізіп пайыз жүзге де,
Сапасыз өнім іздеме.
Жаңылмай жазғы желістен,
Қаңылтыр өндірі күзде де!

Жұлынып боран ақ таңда,
Жер кебін киіп жатқанда.
Кебенек киіп, кеудеңе,
Қаңылтыр өндірі ақпанда!

Еңбегің жанып ел үшін,
Татарсың сен де жемісін!



ҚОРҚЫТТЫҢ КҮЙІ — «ЖАУЫРТАУ»

Поэмадан үзінді

Әлемнің сиқыр үнін үйіре кіл,
Салайын «Жауыртаудың» күйіне бір.
Қобызым бір әуенге сүңгіп кірсін,
Ғұмырда естімеген дүние бұл.

Жоқты онда осы күнгі жын, пәлең де,
Келмеген тәңір мен пұт діндар елге.
Батыс-жоқ,
Шығыс та-жоқ онда мұндай,
Хаос бар
Қара дүлей мұнды әлемде.

Жоқ онда әзәзіл де, сайтаның да,
Өшеді үн жаңғырығы қайтарылмай.
Оңтүстік,
Солтүстік жоқ бұл фәниде,
Болмайды ол,
Дүниені қайта құрмай.

Адамзат,
Түрің -суық,
Түбің-дүлей,
Рухың - мәңгі,
Тәнің - үгіндідей.
Онда әлем бүгінгідей ұйықтамаған,
Онда әлем оянбаған бүгінгідей.

Жоқ онда кезегендер сап құраған,
Өлім жоқ,
Өмір де жоқ бақ сынаған.
Темір жоқ,
Тебен де жоқ,

Терсек те жоқ,
Құрдымда мұз құрсанып жатты ғалам.

Онда ана толғатпаған бала тілеп,
Көрмеген көктем келіп дала түлеп.
Күн де жоқ,
Гүл де жоқ-ты Жер бетінде,
Ғаламзат - қара пиғыл,
Қара түнек!

Жаратқан Жаппар Ием ойға қалды,
Даналық жан - жүйесін бойлап алды.
Боятты аппақ нұрға дүниені,
Оятты бір-ақ сәтте Ой -
Ғаламды.

Бір сәтте дүниеге күн жаралды,
Жаһанды жасаулап бір нұрға малды.
Жер, Көктің тамырына жан жүгіріп,
Сомдады қайта Тәңірі бұл ғаламды.

Ілініп көкжиекке Күн-тұмары,
Жер тәнін жібітеді нұр шуағы.
Жаһанға жан бітті де,
Жасын тулап,
Күн нұры гүл лебімен шұрқырады.
Бес құрлық -
Бес кілемдей құлпырады.
Адам мен Хауа түсті Жер бетіне,
Білмейтін нәсілі мен ұлтын әлі...

Көмкеріп көкжиекті күн келеді,
Жер-Ана жасыл жәннат түрге енеді.
Күн-Ыра мейірінде тылсым жанып,
Хауызы махаббаттың бүршік жарып,
Зұлымдық бұғып қалды үндемеді...

О, Тәңірі!

Ақ нұрыңа ора мені,
Өн-бойым кәусарыңа толар ма еді?
Адам мен Хауа айықса күнәсінан,
Адамзат бұдан бөлек болар ма еді?!
Абылды Қабыл ұрып өлтірді де,
Зұлымдық қайта туды содан бері.
Қандай сұм адамзатты алалады,
Ашылып бара жатыр аралары.
Түндейін түнек салды дүниеге,
Қабылдың қаннан туған балалары...

Бауыры - бауырына қарамады!
Ғаламды қанды сүргін аралады,
Келеді қашан осы тәубесіне,
Қабылдың қаннан туған балалары?!

Топаннан тірі қалған құтханасы,
Үш нәсіл -
Пайғамбардың үш баласы,
Хауаның көзіндегі үш қарасы,
Қолында найза, қылыш, ұстарасы,
Ұрыссыз сіңбейтұғын ішкен асы, -
Береке, тыныштық жоқ бес құрлықта,
Үш нәсіл -
Пайғамбардың үш баласы,
Хауаның көзіндегі үш қарасы...

Қан ішіп айқасса да қасыменен,
Күнәсін көтерген жоқ басыменен.
Келгенде Тас Дәуірі,
Бірін-бірі -
Өлтірді сол дәуірдің тасыменен!

Өткізіп Қола Дәуір көшін алға,
Тапқанда көне тарих тосын арна.
«Ақ темір ат басындай» киесі бар,
Бір жәннат Тау большты осы маңда.

Көліне күн үңіліп-күміс тебен,
Қараған болашаққа үмітпенен.
Осы өңір
Құтты мекен болыпты мыс,
Аңы да адамынан үрікпеген.

Тимеген солтүстіктің салқын демі
Жапырақ,
Мәңгі жасыл тартымды еді.
Жемісі күн шырынын еміп өскен,
Бөленген құс әніне бал түндері.

Шыңдардың мұхит құлап аяғына,
Шарқатын мәңгі жасыл жаяды бақ,
Құланы қойдан жуас,
Саяғы да,
Аңшының сүйкенетін таяғына.
Зіл жусап,
Керіктері кердең басып,
Жүріпті осы маңда баяғыда.

Ұйытып ынтымақты бір-ақ арман,
Тамады кәусар тамшы тұмалардан.
Ақша бұлт шыңның төсін сүртіп өтіп,
Тазалық таңғы шық боп тұна қалған.
Жайқалып мәуелі бақ-жасыл тоғай,
Тіршілік қатар емген жатырқамай.
Жазықсыз жыртқышы да қан төкпеген,
Өтіпті ғажайып бір ғасыр солай.

Сандал тау зерлі жұмақ қақпасындай,
Ұлығы кішік болған патшасынбай.
Уыздай ұйып тұрған тіршіліктің,
Киесі ТЕМІР еді ат басындай.

Жадында жұлдыздардың табы қалған,
АҚ ТЕМІР АТ БАСЫНДАЙ,
Бағы жанған.

Ғарыштың түкпірінен тамып түсіп,
Кербез шың кеудесіне тағып алған.

Мейірім төгіп нұрдан бұл өңірге,
Кие боп тұрақтапты қыр елінде.
Құрышқа Расулдай табынғанның,
Ұйыған Көк Тәңірі жүрегінде.

Тұратын ай сәулелі мұнар тамып,
Темірге ашқарақ көз құмартады.
«Бейішті бодан қылып аламыз»-деп,
Зұлымдық
Шыға келді ұран салып.

Жейтұғын жемтік керек қу қарынға,
Досың -жат,
Елің де-жау,
Туғаның да.
Аттанды соған бәрі, лап қойды кеп,
Тастай сап тойы менен думанын да.

Аяр жау,
Таусылмайтын айла-амалы,
Алдаспан, найза, қылыш байланады.
Түркінің түпкі ойын қайдан білсін,
Келеді жер жәннатын жайлағалы.

Тамұқтың төңкеріліп тайқазаны,
Сопының қанға бөкті жайнамазы.
Жалмауыз тіміскіді төңіректі,
Жалақтап жылан тілді найзалары.
Қайғыдан күңіреніп Күн шығады,
Қан жұққан бұлт бүркеніп Ай барады...
-Кешегі жұмақ бүгін - Қайғы алаңы.

Сұм соғыс бар асылын тонап алған,
Бұлақтар көз жасынан сора болған.
Құрдымға мұхит сіңіп,

Андар қашып,
Жапырағын төгіп салды қаралы орман.

Қаптаған түмен құрсап айналаны,
Шаң басты қара түнек сай,
Даланы.
Тапталып тұяқтармен киелі Тау,
Қан құсып..
Жауыртауға айналады...

Бейқамдық бір сұмдыққа ұшыратты,
Жәннаттың киесі мен құты қашты.
Әділет -
Ар алдында үнсіз қалып,
Бұл жолы зұлымдықтың мысы басты.

Күн батты қауырсынын қанға малған,
Қалғыды фәни-жалған,
Жалған - арман.
Қарсылық көрсетпеген жауыздыққа,
Мейірім
Мықтылығың қайда қалған?.

Қанды көз
көршісіне жалақ қағып,
Қазір де жатыр әлем жарақтанып.
Алайда,
Адал ниет тіршіліктің
Үмітін өшірмеген жаратқаным.

КИЕні,
Қаңсып қалған бағы жанбай,
Хас-Батыр алып шыққан,
Жаны қалмай.
Жасырып Жауыртауға,
Дуалаған,
Терменен аластасаң табылардай.

Адамзат арам ойға арандаған.
Қанменен бұл жерді де арамдаған.
Жауыртау қойнауында КИЕ қалған,
Қанішер іздеп оны...
Таба алмаған!

Дұғасы,
Болашақты жаңғыртатын,
Аруақты батыр - бабам салды ынтасын.
Қан сіңген Жауыртаудың бөктерінің,
Шарт еді
Термен шаю әрбір тасын.

...Қобыздың құлақ күйін басып-көтер,
Айтпадым құпияны ашып бекер.
Тер тамбай,
Адамзаттың қаны тамса,
Киесі Теміртаудың қашып кетер.





Зенгір көктің күмбірлетіп шанағын,
Әлем бізге шытпаушы еді қабағын.
Уыздайын ұйып тұрған көңілге,
Рауандап таң түретін жанарын.
Ескермеппіз, қызғаныштың құйрығы,
Шаян болып абайсызда шағарын.

Зәмзәм суын бөліп ішкен тұмадан,
Әдемім-ау, ада едік қой күнәдан.
Уысымда үлбіреген үмітім,
Рулы елдің өсегіне шыдаған.
Еш күмәнсіз кештер қайда кешегі,
Шаттық болып құшағыма құлаған.

Зүбәржат-жыр оқып отыр жасыл бақ,
Әсем қайың бас изейді мақұлдап.
Уайымға батпайықшы бекерге,
Рахатқа бөленетін ғасырда.
Есімінді қарға жазам қаңтарда,
Шұнақ аяз жанып кетсін лапылдап.

Көл шетінде,
көктемгі жел өтінде,
Айқара ашып құшаққа енесің де,
Қолаң қара шашыңа тұншықтырып,
Тарылғанша тынысың өбесің кеп.

Құзырынды құпия түн білетін.
Толқын үнін өшірді күмбір етіп,
Жалаң аяқ, шешіп кеп кебісінді,
Кірпігіңмен қытықтап күлдіресің.

Жұлдыз сөнді жүзінді айшықтаған,
Ғарышта ағып барады қалқып ғалам.
Өткен түнді өшіріп жүрегімнен,
Базарынан қызықтың қайтып барам.

Желік кеміп,
Үп еткен жел де кеміп,
Азайғандай бақта құт, көлде көрік.
Кәусар күлкің құлаққа естілмейді,
Естімейсің үнімді сен де менің.

Түнгі мұнар өшеді етіп қылаң,
Шалғын шөпті шық тұнған кешіп тынам.
Айдын көлдің төсінен көтеріліп,
Айнама көзге барады көшіп тұман.

Нәзік бейнең ай нұры кескіндеген,
Толқиды түн, сыбдыры естілмеген.
Елестейді ақ тұман арасында,
Нәзік бейнең Ай нұры кескіндеген.
Барқын көкте жұлдыздар бал ашуда,
Миллион жылдар шешімі ескірмеген.
Қалар ма екен ақынның санасында,
Нәзік бейнең Ай нұры кескіндеген.

Бәлкім мына дарияның жағасында,
Елес болып ақ тұман арасында,
Толқып ағып торғын түн - көшкінменен,
Маған мәңгі бұйырмай қаласың ба?
Нәзік бейнең Ай нұры кескіндеген,
Қалар ма екен ақынның санасында.

Қайтсем саған жетемін, ұшамын ба?
Қараңғы түн батырды құса-мұңға.
Нәзік бейнең Ай нұры кескіндеген,
Лүпілдейді жанымның бұтағында.
Ағып барам ілесіп екпінге мен,
Күміс сырға сынғыры естілмеген,
Үлбірейді үміттей құшағымда,
Нәзік бейнең Ай нұры кескіндеген.

ПСИХЕЯ МАХАББАТЫ

Кезінде...

Түнекті түріп нұрлы күн,
Түсіпті пәрмен Тәңірден!
«Ғашықтар көрмей бір-бірін,
Жанымен сүйсін, қанымен!»

Құзырын Хақтың күтетін,
Ұйқысыз түндер көз ілмей.
Ойланбай отқа түсетін,
Көзсіз болу шарт сезімге!»

Өзекті өртеп жалын дем,
Бір-бірін көрмей торығып,
Психея жүрді Амурмен,
Қараңғы түнде жолығып.

Мызғымас Хақтың жарлығы,
Көріссең қалдың айыпқа.
Тәрік боп сәтте барлығы,
Енеді Амур Аидқа.

Өзің де...

Көзге ілмей қырау шашымды,
Әжімді көрмей бетімнен.
Елемей егде жасымды,
Қалып ең танып есіңнен.

Ақылдан таппай еш пайда,
Есуас болып қал ұдай.
Есі кіргенде Естай да,
Хорланды қалған танымай.

Бұйырма мені айыпқа,
Сезіммім осы сенетін.
Егіліп енсең Аидқа,
Соңыңнан менмін енетін.

Пәруана-жүрек ақынды,
Жұбата алмас ақылгөй.
Жалындым,
махаббатымды,
Құтқара көрші Апулей.

Купидон құдай - жарықтық,
Мендегі дертті білмейді.
Екі дүниені тәрік қыи,
Жүрегім сені іздейді.

Демімдей,
ыстық қанымдай,
Жанымдай болған серігім.
Соқырдың саусақтарындай,
Іздейді сені ерінім!!!

Боран ұлып, бастан бақ ұшты мүлде,
Шатынаған шыңылтыр, қысқы күнде,
Ұшып кеткен түстікке қарлығашым,
Шақырамын өзінді құс тілінде.

Қиял ғана құлшынып, шепті бұзып,
Басылмайды боранда ет қызуы.
Ақ түтектің ішінде алаулайды
Суық торғай төсіндей бет қызылы.

Сөз болып па аязда үсігенім,
Қыс міндеті үсіту, түсінемін.
Басымды ұрып сәждеге жалбарынам,
Қысқы түнде енсем деп түсіңе бір.

Ақын деген-есуас, ерке халық,
Алау сезім өзекті өртеп анық.
Асығамын жеткенше құшағыңа,
Кетпегенше түсімнен ерте оянып.

Қараңғы түн. Ауырлап кірпіктерім,
Бірақ ұйқы қонбайды үркіп тегі.
Шиырлайды миымның шатқалында,
Нейрондардың шытырман бүртіктері.

Ой өзені жөнкіліп, қаңғып ағып,
Өткен өмір санамда жаңғырады.
Құлағыма жетеді еміс-еміс,
Ұйқыдағы санамның сандырағы.

Шарапсыз мас кешегі думан қалып,
Жүз граммада қоямын удан да алып.
Жас сұлуға көз салсам қыр соңыма,
Өсек-аян түседі сумаң қағып.

Түнертеді жыл сайын бұлт қабағын,
Гүлдер екен қаншама құртқа бағым.
Қылкөпірдің үстінде қаз басамын,
Ұры көздер тұс-тұстан сұқтанады.

Берекесіз, беймаза жел өтінде,
Жүрек бейбақ сөйлейді көне тілде.
Нәрестелі Мадонна құшағымда,
Рафаэлдің өзімін, көресің бе?

Ұйқым қашып кірпіктің арасынан,
Ояна да алмаймын, аласұрам.
Кәміл пірім!,
Тірліктің тауқыметін,
Аластай көр ұлымның анасынан.

Жеті тәулік жанары тұмандатып,
Шабыттанып тың ойдан тұмар басы,
Жер-жиһанды жаратқан Тәңірімнің,
Әйел шығар ең үздік шығармасы.

Егер маған берсе ерік Хақ-Тағалам,
Құзырыма бағынып жатса ғалам,
Қалмас еді әлемде еркек кіндік,
Әйелдердің үмітін ақтамаған...

Ал өзім ше?...
лүпілдеп бүкіл денем,
Бар күдіктен арылып түтіп жеген,
Хауа-қыздың орнына қабырғамнан,
Сенің асыл бейненді мүсіндер ем.

Талай-талай торабында жорықтың,
Түн жамылып, ай жастанып қоныппын.
Жеткенімде пайғамбардың жасына,
Жаным, сенің жанарыңа жолықтым.

Кенде емессің көздің құрты - көріктен,
Бокал бөксе, құмырсқа бел келіскен.
Мен өзіңе ұлым үшін қарызбын,
Алтын көрсе жолдан таяр періштем.

Қылығымды құдай кешсін сәл есер,
/Хақың да бар айдағыны дәметер/.
Алшақ жатқан екі шаршы дәуірміз,
Айбар бірақ арамызға дәнекер.

Артық ауыз сөз жоқ менің тілімде,
Соған бола тіршіліктен түңілме.
Тілімде емес саған айтар сөздерім,
Жатыр ұйып жүрегімнің түбінде.

Не қыласың шайпау сөзге боп құмар,
Айтылған сөз - атылған бір оқ шығар.
Менің саған айтылмаған сырларым,
Еш ғашықтың жүрегінде жоқ шығар.

Тағдырдың жазғаны ма?
Қаратпай жан-жағыма.
Жүрегім қалды тоқтап,
Жетті де арманына.

Күл болып бар асылым,
Алкындым, алас ұрдым.
Біртіндеп барады өшіп,
Қара алмас - қарашығым.

«Тәубе қыл, қанағатым,
Шықпасын жаман атың.
Өзіне тапсырайын,
Алланың аманатын.

Сертінді қабылдадым,
Қош енді, ғазиз жаным!»-
Қайырдым тілді күрмеп,
Аятын калиманың.

...Алладан медет тілеп,
Дұға оқып сен түнімен.
«Мен үшін керексің»-деп,
Шақырдың жер түбінен.

Талпынып қыран жаным,
Қайтадан қиялдадым.
Өмірді кияр едім,
Өзінді қия алмадым!



ҰЛЫМ, САҒАН АЙТАМ

Тұмауратып,
 балбырап бала тәні,
Күтер болса тағдырдан арашаны.
Жұпар шашып жетеді жер түбінен,
Жедел жәрдем - Ананың алақаны.

Алдан шығар сәбидің шатағы әлі,
-Айды әпер-деп жылады жата қалып.
Қара қылды қақ жарып,
 еркелікті,
Қиып түсті әкенің шапалағы.

Тәңри көкте тұрғанда ілініп күн,
Алақанға, батагөй, жүгініппін.
Аялау мен жазалау алақаннан,
Тәрбиелік мәні жоқ жұдырықтың.

Құмнан шаһар тұрғызып зердесінде,
Дайын мәңгі жер шарын тербетуге.
Сыңғырлайды сәбидің шат күлкісі,
Қалмағандай зұлымдық жер бетінде.
Зиялысын қарашы тентегіңнің,
Кеткен мүлдем ұмытып еркелігін.
Сәулетшінің өресі жетпейтұғын,
Қалашығын құрады ертегінің.

Мұндай шабыт бітпеген ақынға да,
Қиялдағы осы ғой жасыл қала.

Патша сарай ауаға тұр ілініп,
Қиратасың, көрермен, жақындама.

Қанат берген қиялға ойындар-ай,
Сиғызады өнерге ойын қалай.
Сәби-мәңгі данышпан,
Бірақ әлем,
Келеді әлі бұларды мойындамай.

* * *

Табиғаттың тәлімі көп айтарлық.
Қарашы ұлым,
Жапырағын қалқан ғып,
Қара тасты жарып шықты нәзік гүл-
Бұғанасы бекімеген қайсарлық.

Ыстығына, суығына шыдаған,
Табиғаттың төлтумасы бұл адам.
Қабырғасы қатпай жатып, қарашы,
Өсер ұлын салмағымен сынаған.
Өс құлыным жігіт болып танымал,
Жігерінді намысыңа жанып ал.
Нәзіктікте гүлге қарап үлбіре,
Қайсарлықта гүлге қарап тәлім ал.

Табиғатпен тамырлас бол Айбарым,
Өмір өзі-ұстазың да, сардарың.
Толағай тау көтергенің,
Көтерсең-
Жұдырықтай жүрегіннің салмағын.

* * *

Жұпарын көктем таратып,
Шуаққа тұнды айнала.
Гүлдердің жасыл қанатын,
Тербеді самал жай ғана.

Көгілдір парсы кілемге,
Көміліп гүлзар құлпырды.
Көк ала гүлді үзем деп,
Қызығып ұлым ұмтылды.

Не білсін ойын баласы,
Қызыққа міне кенелді.
Әлгі гүл керіп қанатын,
Мәнерлеп ұша жөнелді.

Ұмтылып алға, жан салып,
„Ұшақ-гүл” болып құштары,
Айбардың епті саусағы,
Ұрымтал тұстан ұстады.

Ұстады,
Тұрды егіліп,
„Әйеш-гүл” қайда жаңағы?
Көбелек қапты езіліп,
Өмірдің бұл да сабағы.

Қолында "гүлдің" қалдығы,
Көзінде мөлдір шық тұрды.
Табиғат анахандығы,
Қадірін солай ұқтырды.

„Тұзақтан босат аңдарды,
Азаттық ұсын құстарға.
Болмайды, ботам, Арманды
Алақаныңда ұстауға.”

КЕСІРТКЕ

Түріне енер өзгенің,
Кесіртке ғой көргенің.
Ауыстырып тұрады,
Түрлі-түсті көйлегің.

Адамдардың сұмдығын,
Біліп алған күн бұрын.
Ұмтылып ем ұстауға,
Тастай қашты құйрығын.

ҚАРҒА

Қонатұғын жарға кеп,
Қарғаға да жан керек.
Ғайбаттайды екен ел,
"Жүз жасайды қарға" деп.

Түсін қара таңбаның,
Табалаудан танбадың.
Қызғана ма адамдар,
Қысқа өмірін қарғаның.

КҮШІГІМ

Дыбыстарды тілдегі,
Көбісі айта білмеді.
Менің ала күшігім,
Туа сала Р-Р-Р деді.

А-сыныбын түсініп,
Б - сыныбын бітіріп.
"Логопед болам" деп,
Келеді өсіп күшігім,

КЕНГУРУДЫҢ ҚАЛТАСЫ

Сиысып қос марқасы,
Жататұғын көсіліп.
Кенгурудың қалтасы,
Қалды бір күн тесіліп.

Түні бойы дөңбекшіп,
Жіп иірді өрмекші.
Ине сұрап кірпіден,
Қалта тігіп бермекші.

ТАСБАҚА

Бір ғасырды тауысып,
Екіншіге ауысып,
Ел қорғаған батырдай,
Шешпей қойды сауытын.

ТОРҒАЙ

Суық сорған
 Сорлы-ай,
Халың қалай,
 Торғай?
Торғай айтты.
 - ШЫҚ! ШЫҚ!
Қыстан аман
 ШЫҚТЫҚ!

ТӨБЕТ

Демократтың тілінде,
Жазылған-ау заң мынау.
- „Хақы болсын үруге,
Қысқарсын тек қарғыбау!“

АЮ, ҚОНЖЫҚ

Аю жаздай қоң жиып,
Алты қабат тон киіп,
Қыстағына оралды,
Ертіп екі қонжығын.

Жетіп ата жұртына,
Қонжық кетті ұйқыға.

Апанында ол анық,
Сезбейді қыс боранын.
Жазға дейін түс көріп,
Алақанын сорады.

СИЫР

Шарлап сайды, жағаны,
Шүйгін шөпті табады.
Әукесінен сипасаң,
Желіннен сүт тамады.

Ұнатпайды тек кана,
Сүт ішпейтін баланы.

ШӨЖЕ

Күмәнданбас еш пенде,
Жұмыртқадан жаралдым.
Тауық болып өскенде,
Мен жұмыртқа табамын.

Кешір, алсам мазанды,
Түсіндірші халыққа.
Кім бірінші жаралды?
Жұмыртқа ма?
Тауық па?

МАЙМЫЛ

Қорған болған орман анау,
Біздің екі Атаға.
Бүгін мені торға қамау,
Адамдыкка жата ма?



НҰР ЖАУСЫН

Жан дауа жақсылықтан жалыққан ба?
Жүрсе де қан түкіріп жорықтарда.
-Ассалаумағалейкум - деп бабамыз,
Ықылас білдіріпті жолыққанға.

Жыртығын жомарттықпен бүтіндепті,
Бөлмепті қас пен досқа бүкіл көпті.
Жаушылап келгендерге кішірмепті,
Елшілеп келгендерге
- Нұр жаусын! - деп,
Аузынан ақ ниетін түсірмепті.

Жалауын жақсылықтың құлатпаған,
Бабамның ықыласы қуат маған.
Үніне қосыламын,
-Бар әлемге нұр жаусын-
Уа алейкумассалам!!!!.

ТЕРМЕ

Тебреніп тұрғам жоқ тегіннен,
Өмірді еңсеріп тастадым.
Мандайдың баяғы шебінен,
Шегініп барады шаштарым.

Білмеппін бағанды кезінде,
Іздеймін кірпігім қадалып.
Шоқ салып көнерген сезімге,
Келіп кет қонаққа балалық.

Өмірдің бағына таласып,
Қыз сүйіп көңілді жібіттік.
Тағы бір қалайын жарасып,
Келсеңші оралып жігітік.

Сендірер ізгілік ісіне,
Ұлкендік жасасақ жарадық.
Қамқоршы болайын кішіге,
Ұқтыршы сырынды ағалық.

Ат басын тіремей өтпейін,
Жол түсіп аулыңа жоласақ,
Мезгілсіз келдің деп сөкпейін,
Мазала жанымды болашақ.

Қайғының қанатын жолатпай,
Сарылып сағынып тосқаным.
Бәрі де келеді қонаққа,
Төрімде отырса достарым.

ҚҰМДАР

Күн қақтаған сауырын құла құмдар,
Құла құмдар,
сендерге сұрағым бар.

Қанша көлдің көзіне суырылып,
Қанша өзеннің төсіне құладындар?

Қанша шаһар, өзін зор сезінетін,
Жалауыңнан бір сенің шегінетін.
Ант еттің бе жатуға жағынды ашпай,
Сан ғасырдың жасырып шежіресін.

Тамшы бермей тамызда өлі көлдер,
Құмнан саумал сапырды пері желдер.
Ізсіз-түзсіз ғайыпқа кетті сіңіп,
Тәуекелге бел буған керуендер.

Құла құмдар!
Құлақ сал айтарым бар,
Өспеп пе еді төсінде қайсар ұлдар.
Шейіт болған көк күмбез шаһарларды,
Көне тарих бетіне қайтарындар.

Жетісуда Қаялық құлап қырға,
Қаңқасы тұр Екіөгіз, Суябтың да.
Сыр бойында Сығанақ қалғып кетсе,
Алты бірдей Ақтөбе құм астында.

Қонып тұрған заманда ғарыш қолға,
Құпиясын ашпайды таныс қорған.
Шырақ, Рабат көнеде көз жұмыпты,
Күбірлейді басында Бабышмолла.

Атырауда, жататын шағыл жанып,
Дәурен өтті басыңнан дабыл қағып.
От демімен құшақтап Отырарды,
Жатып алды құла түз сағымданып.

Тұран жерін Тарғытай артық көріп,
Көшпелі жұрт ту байлап ант ішкелі.
Сенде жатыр құпия қазына боп,
Скифтер мен Сақтардың архивтері.

Ғайбаттайды сені тек есі кеткен,
Өткен дәуір соңынан көш ілескен.
Мәрт мінезді, ер жүрек қазағың да,
Күлше піскен құмынды кешіп өскен.

Көнбіс халық қазағың - қайран жұртың,
Қайсарлығын дедің бе қайрап жүрсін.
Көн табанын өзінде күйдірмеген,
Көкорайдың қадірін қайдан білсін?!

ШАЙТАНКӨЛ

Қайтемін жеткізбесе, ұшамын ба,
Қойдың-ау түнгі соқпақ тұсадың да.
Жатырқап жат көздерден жасырынып,
Шайтанкөл жатыр шыңның құшағында.

Аймалап айнымайтын аңсағаны,
Қимайды тәтті ұйқысын Қарқаралы.
Тұншығып жапырақтар тұнбасына,
Торғайлар таңдай қағып тамсанады.

Көк майса күміс шықпен көмкеріліп,
Жартастан майда қоңыр тер төгіліп.
Шұғыла шашырады шың төсіне,
Шатқалға түн құлады төңкеріліп.

Көтеріп көкжиекке күнді күрең,
Көк тұман түсті таудың кіндігінен.
Ысырып таңнын торғын шымылдығын,
Түндігін Қарқаралы түрді білем.

Қозғасаң құпиясын кешірмейтін,
Қалғиды қас батырдың төсіндей шың.
Мөлдіреп Шайтанкөлдің шарасында,
Бір тамшы сезім тұрды шешілмейтін.

Кеткендей көк тамызып көгілдірін,
Шалқиды шабыттанып көлің бүгін.
Ақша бұлт,
Әсем қайың,
Жалғыз арша,
Қайсыңа берсем екен көрімдігін.

МҮСІН

Келеді рауандап жарасып таң,
Әлі де арылмаған дала шықтан.
Шілікке шыт көйлегін лақтырды,
Жас ару жағажайға жаңа шыққан.

Суға емес махаббатқа малатындай,
Тарқатты қос бұрымның арасын жай.
Бір толқып ақ иыққа түсті құлап,
Қара шаш қара бүркіт қанатындай.

Тигенде сұлу тәнге сүйсіне ме,
Түнғиық шымырлады білші неге?
Жігіттің құшағынан қымсынса да,
Толқыннан қымсынбайды биші дене.

Сезімге тұншыққандай дауыс бермес,
Пәк дене қуанады тауып тендес.
Ішінде мынау мөлдір тазалықтың,
Ақ шабақ ау болар деп қауіптенбес.

Мінекей шықты судан хаса сымбат,
Сұқтанбай сұлулықтан қашасың ба?
Сығымдап бұрымынан су тамшысын,
Тұр ару қызылталдың тасасында.

Кеппеген ерінінің бал шарабы,
Сүйуге жаралдым-деп жар салады.
Аққудай сұңғақ мойын иілгенде,
Көл беті келбетіне тамсанады.

Жолында махаббаттың зар еңіреп,
Құшатын құшырлана әне білек.
Жаралған мүсіншінің саусағынан,
Томпайған төсіндегі барельеф.

Қол жетпес қос анарға қарашы әне,
Маржандай мөлдір тамшы жарасады.
Қызғаншақ жапырақтар көлеңкесі,
Қыз төсін бір сипауға таласады.

Күйдірген құпия боп ықылымнан,
Бір сезім жатыр бұғып мықынында.
Жат көзді жатырқағыш жалаңаш тән,
Өзінен өзі ұялып қысылуда.

Бидегі балерина аяқ қандай,
Сезімді ұйқыдағы оятқандай.
Табындым тәңіріне сұлулықтың,
Көрініс тұрсын мәңгі аяқталмай.

ҚАЛАДА

Оң жақта бетон,
Сол жақта бетон,
Пәтерлер берік қамалдай.
Қалаға келіп,
Жүресің желіп,
Танысыңды іздеп таба алмай.

Алдында көше,
Артында көше,
Тұрасың түкке түсінбей.
Шежіре қала,
Жалғыз сен ғана,
Орынсыз түскен үтірдей.

Күн бойы жүріп,
Таксиге мініп,
Досыңды тауып тынасың.
Ваннаға түсіп,
Кешкі шай ішіп,
Балконға жайлап шығасың.

Оң жақта балкон,
Сол жақта балкон,
Құстардың бейне ұясы.
Болса да қиын,
Бәрінен бұрын,
Балконын қалай қиясың.

Үстінде көрші,
Астында көрші,
Жүрмейсің алыс қыр асып.
Қалада халық,
Аралар дерсің,
Бір омартаға сиятын.

ЖҰЛДЫЗШАЛАР

«Жұлдыз» би ансамблі
жұлдегер атанды

Тәубе қылып бір ауыр жыл өткенге,
Қоғам жүдеп жүргенде, жүдеп пенде,
Шашыраған шуақтай жұлдызшалар,
Нұрын төкті жаураған жүректерге.

Жоймаса да жоқтықты түбірімен,
Жанбаса да көгінде күні кілең.
Даурығысып қалды бір дүйім халық,
Биші балапандардың дүбірінен.

Туысың да қол соғып, танысың да,
Сендер жүрсің бір елдің намысында.
«Жұлдыз» биге шыққанда дүрлігеміз,
Теміртаудың түскендей бәрі сынға.

Кейіпіне еніп енді бір жас баланың,
Желпінесің тұрғандай баста бағың.
Көкке жетті төбеміз «Жұлдыз» биі,
Көрінгенде төрінен Астананың.

Қуаныштан кірпікке жас ілініп,
Жалын жатты жанарда жасырынып.
Көрік кеуде боп алдық сендер үшін,
Өшпесін деп өнерге ғашық үміт.

Ертең елдің ер жетіп болашағы,
Ертең тағы тойлаймыз тамашаны.
Сахнаның төрінде Жұлдыз жанып,
Сахнаның төрінен таң атады.

Күні ертең-ақ жаңғырып көне дүбір,
Жұлдызшалар көгімде өреді кіл.
Өсер елдің ұрпағы, сендер үшін,
Тәңірге де табынғым келеді бір.

ЖАЛҒЫЗ АРУ

Махаббаты етіп талақ,
Шаршадың ба сұлуым.
Жат еріндер кетті талап,
Жанарыңның жылуын.

Өтті күндер құса қылмай,
Сезімдерді сынаған.
Жел үреді құшағында,
Жоқтау айтып жылаған.

Керек қылмас бояуынды,
Көрік біткен шешеден.
Әсем басып аяғынды
Аяндайсың көшемен.

Сұлу сымбат бәрі тегін,
Көзің нұрлы сыр тұнған.
Талай жігіт әлі сенің,
Жауғандайды сыртыңнан.

Бірақ жан жоқ түңілмейтін,
Қабағыңнан қар жауған.
Жылы сөзге жібімейсің,
Шаршадың ба алдаудан?

Талай үміт ұмтылды да,
Жатырқады жаным-ай.
Бір кездегі сылқымды да,
Кеткендейсің танымай.

Тоқетерін ойламаған,
Толастады өсек те.
Сипатасың айға ғана,
Ақ тәніңді төсекте.

Өткеніңе өкінбейсің,
Қуанышқа жоқ себеп.
Жалғыз қалған жетімдейсің,
Тағдырыңа өкпелеп.

Орын таппай бұрынғыдай,
Халық атты орманнан.
Әттең, әттең сұлулық-ай,
Жалғыздыққа қор болған.

ЫСТАМБУЛДЫҢ КЕДЕНІ

Жеткен едім айдарымнан жел есіп,
Күн келбетті айбарындай бір елдің.
Ыстамбулдың кеденінде келесі,
Сағым сынып, тығырыққа тірелдім.

Орыс тілді жауабыма түсінбей,
Speak English* - деді кеден жігіті.
Ағылшынды көрмеп едім түсімде,
Сөйлеуге де бейім емес тіл ұшы.

Бұғалықтан босамаған басымда,
Хрущевтың заманы да өтіпті.
«Орысшаны білсең, осы ғасырда,
Коммунизм орнатам»-деп көкіпті.

Бауырым-ай!,
Туысыңнан түңілме,
(Алла халап, аузыма сөз салды ма?)
-Түсіндіріп көрші түркі тілінде,
Атажұрттан келіп тұрмын алдына!

Кеден жігіт жадыратты қабағын,
Ағылшынша сұрағы да қысқарды.
Біз тірелген тығырықтан жаңағы,
Түбі туыс Түркі тілі құтқарды.

ағл. - ағылшынша сөйле.

Шықтым Тұнық мұхиттың жағасына,
Тепсінеді толқындар аласұра.
Қиналамын, ширыққан шексіздікті,
Сиғыза алмай көзімнің шарасына.

Толқындарды көшіріп жел кемері,
Шұбырынды ақтабан ел келеді.
«Уа, Зәурешті» тірілтіп Мұхит бабам,
Күйшанақта «Айнамкөз» тебіренеді.

Қайдан мынау үндестік, сөздері де,
Мұхит бізде көнеде көлбеді ме?
Әні қалған сондықтан санамызда,
Дәмі қалған тұзының көлдерімде.

Құла қырды сағынып, жотаны да,
Дөңбекшиді толқындар қотарыла.
Қандастарым оралып жатыр елге,
Мұхит жатыр, жете алмай Отанына.

Аламанда алқынып айыз қанбай,
Алдында арман,
Артында аңыз қалмай.
Тоқымы бір кеппеген барымташы,
Қырық мың жылқы қиырдан қайырғандай.

Кербезденіп керіліп, мәнерлене,
Кемеріне симайды, әлемге де.
Арал, Балхаш бір түлеп қалар еді,
Бір-бір толқын жеткізсем сәлемдеме.

ҮҢГІРДЕ

Бакен қалашығының маңында
Жер асты үңгірін тамашаладық

Емес мынау бабам құрған жертөле.
Бағзы күннен бұзылмаған мұрты да,
Көшіп кеткен ерте,
Ерте,
Ертеде,
Еніп келем жылан Бапы жұртына.

Елі көшіп елес қапты,
Қанағат,
Құлан жеріп кеткенінше қағынан.
Адам, Хауа үңгірлерді паналап,
Өркениет үңгірлерде дамыған.

Бұл сиқырды қиялымда түзіп ем,
Бала кезде көрдім бе әлде түсімде.
Еппен басып, ЕР-Төстіктің ізімен,
Жүрмін жұмбақ ертегінің ішінде.

Кірген із бар,
Шыққан із жоқ тамұқтан,
Алға аттауға жүрек түгі бата ма?
Жылан шешіп тастап кеткен сауыттан,
Сары сәуле шашырайды тасада.

Айналамда көлеңкелер қалғыған,
Үңілемін үрейленіп,
ҚЫЗЫҒЫП.

Аяғымды басқан сайын, алдымнан,
Жолығады қайдағы бір құбыжық.

ЗҰЛЫСТЫҢ ҚЫЗЫ

«Шагане, ты моя шагане»

С. Есенин

1

Тұсына Тұран жерінің қазағы келіп,
Толқыды Тынық мұхиттың шанағы кеңіп.
«Сұлулық бағзы заманда толқыннан туған»,
Деген ұғымға сенеді жағаның елі.

Қызыр болды ма мұны айтқан қырықтың бірі,
Сұлулық көрдім қызығар ұлықтың ұлы.
Толқыннан шығып келеді,

мойылдай мөлдір,

Қарақат өнді, қара алмас зұлыстың қызы.

Шахеризада ертегі есіл ерінде,
Шахтың қызы жүр толқынды кешіп өңімде.
Көзіңе көзім абайсыз кездесіп қалса,
Тұрған жерімде өлімге кесілемін бе?

Шықтың ба мөлдір тұнықтан туғанда жана,
Қырдан да қара көзіме, судан да қара.
Пейіште піскен жеміс пе қос анар анау,
Қара мәрмәрден қашалған тұлғаң да дара.

Жайлауда жазық, елестеп құлын көзіме,
Сөйледім тілсіз сезімнің тілінде міне.
Абдырап тұрмын, жанарым жіпсіз байланып,
Құмырсқа бітекен қызығар жұмыр беліңе.

Ұлы едім күнге табынған Үйсін елінің,
Ультра күлгін сәулеңе күйсін ерінім.

Аққұба қыздар қасына шоғырланады,
Күн нұры сіңген елітіп исіне, гүлім.

Кеудемнен жалын шығады «Жалған-ай» десем,
Өтсе ғой жалған аруды таңдамай бөтен.
Жүзім шырынын сіңірген зұлыстың қызы-ай,
Сұлулық шіркін нәсілді талғамайды екен.

2

Жағажайда, күн сүйген құла құмдар,
Құла құмда жалаңаш гүл-арулар.
Құмарымда лап етіп қара жалын,
Өшіп қалды сары қыз, құба қыздар.

Бейіш гүлі -беймәлім кім екені,
(Бәйіт оқып мінәжат түн өтеді).
Қолың жетпес, жабайы құлын дене,
Жанарыңмен сипасаң дір етеді.

Уыз толы қос сезім үрпиісіп,
Тұғыр төстің үстінде тұр түйісіп.
Тағылықтан жаралған қос балапан,
Қолым созсам кетеді-ау үркіп ұшын.

Жараспайды үн-түнсіз тұрысым да,
(Бүйтіп ақын болғаным құрысын да).
Сезім тілсіз сөйлеп тұр көзімде де,
Ағылшынша бір сөз жоқ тіл ұшында.

Пәктік пе едің некесі қиылмаған,
Бибі-сезім, бөгдеге бұйырмаған.
Әпендемін, өзіндей әдемілік,
Іздеп аппақ әлемді шиырлаған.

Біздің жақта тұрғанда ақпан ұлып,
Тайқазаны мұхиттың ақтарылып,
Арбасын деп Алаштың азаматын,
Жіберді ме су асты патшалығы.

Эвкалипт шырыны шашында,
Зұлыстың шыбығы қасымда.
Жалғанда жалқы боп жаралған,
Көркінді көзімнен жасырма!

Тәніңнің жұпарлы жұмағы,
Санамда салтанат құрады.
Сұлулық Хауадай жалаңаш,
Ұяттан биіктеу тұрағы.

Бір сезім тығылып алқымға,
Сырымды айтамын, алтында!
Ғашықтық отына өртену,
Бар дейді жүректер салтында.

Ақпанның аптабы * күшінде,
Тәніміз тандырдың ішінде.
Көзіңнен бір ұшқын құласа,
Дайынбыз лап ете түсуге.

Аптаптан тығылар жерді іздеп,
Күдікпен қарайды ел бізге.
Несі бар,
Өртеніп өлетін,
Осы бір ағаштан кембіз бе?

Жануға ант атап, сөз беріп,
Тамып тұр қарақат көздерін.
Шіріген ағаштың күнінен,
Мың артық өртеніп өлгенім.

***Австралияда ақпан жаз айы.**

Санам саққа тартысады,
 Жер айласын асырды.
 Оңтүстіктің жартышары,
 Айналдырды басымды.

Түйсігіме қайшы бәрі,
 Күн шығады батыстан*.
 Теріс қарап ай туады,
 Жұлдыздар да шатысқан.

Алжыған қыс көрсін келіп,
 Қаңтарда күн қайнап тұр.
 Аққұба қыз өңсізденіп,
 Зұлыс қызы жайнап тұр.

Қара тәнге дақ түспейді,
 (Бұл да сабақ білгенге).
 Арасынан ақ тістердің,
 Гүл төгеді күлгенде.

Аққулар жоқ,
 түсінбеймін,
 (Арқада жүр шамасы).
 Қарақулар мүсіндейді,
 Айна көлдің шарасын.

Қара мақпал әрлеп тұр-ау,
 Қара торы иықты.
 Сұлулықты әлем мынау,
 Қарақуға қиыпты.

Неткен ғана көрім еді,
 Толқын құшып, тарану
 Кербезденіп керіледі,
 Көл төсінде Қара қу.

Тоғысқандай торабында,
Айтылмаған сан аңыз.
Құс төресі-Қара қу да,
Қыз төресі-Қара қыз.

5

Шұбат толып шарасына,
Шуағын күн тарататын.
Дешт-и-Қыпшақ даласына,
Қыз екенсің жарасатын.

Бұрымыңның бір талына,
Жігіт біткен таласатын.
Ұлы жүздің ұрпағына,
Қыз екенсің жарасатын.

Қалыңдықтай құрасың сән,
Қыз бозбала санасатын.
ULURU*дан ұзатылсаң,
Ұлытауға жарасасың.

Қыз қууға мінем десең,
Ақ боз атқа жарасасың.
Келін болып кірем десең,
Ақ боз үйге жарасасың.

Тарқатылын қара шашын,
Тамсандырып қарататын.
Қалқам, неткен тамашасың!!!

*УЛУРУ - аборигендер кие тұтатын қызыл тас -
тау

НОСТАЛЬГИЯ

Тұнық мұхит дөңбекшиді түнімен,
Арда толқын аламанда сабылып.
Қалғып кетсем, жүрегімнің түбінен,
Түстен шошып оянады сағыныш.

Түсімде де сағындым ғой сені елім,
Абыз далам, ақ жаңбырға шөлдеген.
Гомерді ел соқыр дейді,
сенемін,
Алатаудың биіктігін көрмеген.

Өнімде де сағындым ғой сені елім,
Күйін кешіп жүрмін тарпаң, тағының.
Бетховенді ел керең дейді,
сенемін,
Естімеген Сарыарқаның сарынын.

Мен мылқаумын,
Арман жатыр ішімде,
Бабаларым беріп кеткен тілменен.
Төрткүл әлем алдында да кішірмей,
Дастан оқып берсем шіркін мінбеден.

Сұқ саусағым көкті тіреп тұрармын,
Құбыланы көзге шұқып құлабыз.
Кетер тарап көмейінен жыраудың,
«Мылқау ақын» жайындағы бір аңыз.

Қаздай қалқып, қайта оралып келем мен,
Көмейімде сағыныштың саздары.
Ностальгия -дауасыз дерт,
дегенмен,
Ауырудың ішіндегі абзалы.



НАТАЛИ-НАМЕ

реквием

Пушкинді Питер жалмады,
Шақырып ақтық дуельге.
Қызым да қуып арманын,
Аттанып еді бұл елге.

Тағдыры сәйкес,
сенгісіз,
Тең емес нәзік - күш, бірақ.
Эзрейіл дүлей дегбірсіз,
Дангестен тіпті мықтырақ.

Бәрі бір бұған,
байқалды,
Жассың ба,
әлде шал кісі.
Жақсы мен небір жайсаңды,
Ажалдың қиды шалғысы.

Қаралы Питер жылап та,
Таппады айла, шараны.
Пушкиндер кеткен жұмаққа,
Натали кетіп барады.

* * *

Кім көнбейді тәлкегіне тағдырдың,
Мені де енді шемен шерге қандырдың.
Қызым,
ерте бақилыққа аттанып,
Мені жалғыз жер бетінде қалдырдың.

Бұл фәниде әкең қалды мәңгіріп,
Тұтам миды шағып бітті сан күдік.
Мен аттанып мәңгілік бұл сапарға,
Сен қалғаның емес пе еді заңдылық.

Бұл қайғыны көтереді қандай жан,
Ән таусылып,

зар тамады таңдайдан.

Асығушы ең асқарына өмірдің,
Ажал сені ерте сүйді мандайдан.

Өмір - бәйге,

асықпауға бола ма?

Құрбылардан озып жеттің молаға.
Ұлыларға тоймаған бұл обырдың,
Сені алғанда қу құлқыны тола ма?

Қансыз, сөлсіз жүрегімді пышақтап,
Тамызда да қонды баққа қыс аппақ.
Қара құрым, қорымында Питердің,
Қала бердім қабірінді құшақтап.

Түңілдім бе шынымен тіршіліктен,
Оянамын түсімнен түршігіп мен.
Аяқ-қолды кісендеп Алпауыт күш,
Айдап бара жатады бір шыбықпен.

Жыртығымды жаңадан бүтіндеп ем,
Тағдыр мені тіпті де түсінбеген.
Қанатынан қайрылды балапаным,
Жүрегімнің тұсында лүпілдеген.

Қадамымды құрдымға басқан сайын,
Тітіркене түседі бүкіл денем.

Жазирамды жайлаған құса ғана,
Шыныменен қасірет күш ала ма?
Шабуылға тым жиі шығатындар,
Ілінеді жиірек нысанаға.

Ұмытылып бір өлең жадымдағы,
Бір үмітім жоғалған табылмады.
Күзге жетпей үзілді жапырағым,
Осы ма еді мандайға жазылғаны?

Көзің қиып жемісімді қалай үздің, Жасаған!
Жер тәнінде жарақаттай, қабір қалды
жатаған.

Мен Ибраһим пайғамбар да емес ем ғой,
Бір Сенің
Құзырыңа қыршын ұлын құрбандыққа
атаған.

* * *

Аян енді келмесің,
Өмір-жалған, қас-қағым.
Басып жүр ғой жер бетін,
Сенің замандастарың.

Бүлк етпейді бұл әлем,
Кешіп сауық кештерін.
Қуанысып жүр әне,
Сенің дәуірлестерің.

Дүбірлетіп қаланы,
Ойламай-ақ бас қамын.
Көздің жауын алады,
Сенің құрбыластарың.

Қам көңілге толар мұң,
Үйге жалғыз оралдым.
Жолықтырмай өзінді,
Ортасынан солардың.

* * *

Өмір мен өлім жұмбағы жайлап сананы,
Ол жайлы жұртта айтылып келді сан аңыз.
«Адам туғанда жанады көкте бір жұлдыз,
Өлгенде бірге сөнеді жұлдыз жанары».

Дүмшелердің бағы жанып,
Дінімді жүр бұрмалап.
Бірі пұтқа табынады,
Біреулері Буддаға.

Сенім үшін байлам бар ма?,
(Басқа діндер артық па?)
Құлдық ұрдық пайғамбарға,
Шегеленген айқышқа.

Қай құдайдың құдретіне,
Сеніп тәубе қылармын.
Қызым!,
Сенің суретіне,
Табынатын шығармын.

Қарсылыссыз орындауға Хақ тағала тілегін,
Отқа түстің көбелегім -

Өзектіге бір өлім.

Сен бақиға аттанғалы,
үңірейіп орының,
Бұл фәниде бір жақсылық азайды деп білемін.

Тәңіріме жалбарынып,
қабіріңе түнедім,
Жабырқатты жалған үміт,
пейішке бет түзедің.

Сен барғалы,
періштенің мекеніне гүл өніп,
О Дүниеде бір жақсылық көбейді деп білемін.

Құс жолы - қиял,
Қанаттыларды арбаған.
Қиялға жетпей
Қиылды қанша арман - ән.
Икарға қанат желімдеп көкке ұшырған,
Данышпан Дедал,
Тағдырды менше қарғаған.

Жиһанға симай,
Ұмтылып мәңгі жарыққа,
Кендік іздесе,
Қанатты жанға айып па?
Пенделер қалған «тіршілік» атты түрмеден,
Бостандық алдың!
Ұша ғой, қызым, ғайыпқа.





АУДАРМАЛАР

А.С.ПУШКИННЕН

Сүйдім сізді!
Осы сезім-бас қайғым,
Жүрегімнен өшпей қойды лаулап тым.
Бірақ сізді мұңайтуға батпаймын,
Енді өзінді мазалаудан аулақпын.

Үмітсізбін.
Үнсіз ғана шыдайын,
Күдікпенен қызғанышқа төзгемін.
Құлай сүйгем!
Қисын сізге құдайым,
Дәл осындай махаббатын өзгенің!

С. ЕСЕНИННЕН

Қош бол достым!
Қимасымсың көз көрген,
Сенің бейнең кеудемде тұр қамалып.
Тағдыр біздің жолымызды бөлгенмен,
Алдымызда бір кездесу бар анық.

Қош бол достым!
Тілдеспей-ақ қол алып,
Қапаланба, қабағыңа сес кіріп.
Өле білу емес бізге жаңалық,
Өмір сүру бізден қалған ескілік.

ЕВГЕНИЙ ЕВТУШЕНКОДАН

«Поющая дамба» кітабынан

КҮРСІНУ

Досым менің сыр шығармас тісінен,
Өзін өзі қуып тыққан ішіне.

Досым бейне түпсіз терең құдықтай,
Мұң мен шерін қамап алған құлыптап.

Іштегі шер шығуға жанталасып,
Төмпештейді жұдырығын қанатып.

Бірақ досым сыр ашпайды ашылып,
Жыламайды иығыма асылып.

Қапас кеуде бара жатыр тарылып,
Қорқам бір күн кете ме деп жарылып.

Жарылмайды,
 күрсінеді жасырмай,
Гүлге тамған арудың көз жасындай.

Тұңғыықтан шығарады ең ізгі
Өкінішті,
 өксігіндей теңіздің.

Мен де бұрын ашық едім жайдары,
Ойламаған аярлықты, айланы.

Мені де өмір еркелетпей күнімен,
Шағып алды әйелдің у тілімен.

Менің дағы сырым ішке құйылды,
Құлыпталды,
 Күлкім де сап тиылды.

Сыздайды кеп іштегі шер қабынып,
Қорқам бір күн кетем бе деп жарылып.

Жарылмаймын,
Күрсінемін жасырмай,
Шөпке тамған арудың көз жасындай.

Өкінішті өксігіндей теңіздің,
Іштен інерді шығарамын ең ізгі.

Достым,
Біздер бөгде жұртқа бөтенбіз,
Баяғыдай кездесейік екеуміз.

Шарап ішіп екеуара мұнайып,
Күрсінісіп алайықшы бір ауық.

ЖАУАПСЫЗ МАХАББАТ

И. Квашега

Жалқы сезім - қасіреттің бір тіні.
Топас жандар махаббатты табалап.
Сирано де Бержерактың күлкілі,
Кескініндей көретіні обал-ақ.

Бірде менің отандасым, «батырың»,
Театрда ақтарды-ай кеп ақылын.

-«Сиранодан не таптың сен, ақымақ.
Мен сақина сұрап алмай басыма,
Өліп-өшпей қатын деген шіркінге,
Басқа бірін тауып алам бір түнде».

Мұң ұялап әйелінің көзіне,
Шықты інала жесірліктің пішіні.
Ал, күйеуі,

өзі риза өзіне,
Терісіне симай тұрды ісініп.

Құлдығында кеткендерге нәпсінің,
Ашына бар,

жоқ сұлулық қасиет.
Мен де сопы емеспін ғой,
тек мұның,
Қасиетті ұқпайтыны қасірет.

Ұйқылы ояу, енжар ғана есінеп,
Құмарлыққа ашылады қартамыз.
Бірақ біздер,

жасырамыз несіне,
Шын сезімнің киесінен қорқамыз.

Содан болар, осалдығың байқалып,
Әйел десе болып алдық көңілшек.
Сыбырласып іште жатқан сайтаның,
Ұрынамыз сезімдерге жеңілтек.

-Мынау қиын мәселе- деп бауырым,
Көтермейміз махаббаттың азабын.
Соған бола жоғалтты ма дәуірім,
Айнымайтын ғашықтықтың ғажабын.

Жан қинамау үшін тіккен бастарың,
Арсыздықпен табысады қауышып.
Сираноның сері - махаббаттары,
Әйелдерге көшіп кеткен ауысып.

Нақсүйерлік тазартпаса қанынды,
Арсыз сезім сүйе-сүйе ескірді.
Махаббаттар, өртемеген жаныңды,
Махаббат боп жарытпайды ешкімді.

О, Жасаған!
Лапылдатып санамды,
Күйдір мені махаббаттың дертіне.
Адалдық пен таңдандырған ғаламды,
Мәжнүн ғана жеткен жалғыз сертіне.

Мұз бен жалын бір жүрекке таласып,
Жеңісе алмай жабырқаған жаным-ай.
Жыртық көңіл жағасында адасып,
Махаббатқа келем әлі жарымай.

Айтқым келеді айтуға болмайтындарды,
Көріп пе ең отпен ферзесіз ойнайтындарды.

Ферзе санамды тұяқтар өтсе де таптап,
Жеңілсем -бақыт, тәнімді отпен аластап.

Шырағдан тәнің алаулап, лапылдап жанып,
Өртеніп кетсін мына түн, жақында жаным.

Бір сенің өртің болса егер күнә дегенің,
Көбелек болып отыңа құлап өлемін.

Азапта тәнім болса да, ләзатта жаным,
Күпірлігімді отпенен аластағанмын.

Өртенді Мадрид, Токио, Гульрипшилерің,
Бәрінде соның өртенді сүйіктім менің.

Сол кәпір жанған алаудың ұшқыны тамып,
Өртеніп кетсе кедейдің жұпыны тамы,

Алланың құлы сол кедей көрсе де көрді,
Қарғап өтеді кәпірді өртегендерді.

Ақиқат біреу,
Қатпасын жарқыным миың,
Үлкен күнә сол-өртесең жақынның үйін.

ЖЕРТӨЛЕ

*Сөзі. А. Сурков
Әні. К. Листов*

Мүлгиді жертөле жаралы,
Отырмыз ошаққа табынып.
Күрсінді сырнайдың шанағы,
Күлкінің кәусарын сағынып.

Сыбырлап ұйқысыз орманым,
Аңсаудан таусылды тағатым.
Жүректің лүпілін жолдадым,
Хат қылып қиялдың қанатын.

Аспанды ақ түтек көмкеріп,
Билейді боранның бұрымы.
Алыста көз тоймас көркемім,
Алдымда ажалдың құрығы.

Жапанда, жаураған өлкеде,
Адасқан арман жүр кешігіп.
Жылынды жұпыны жертөле,
Мәңгілік махаббат бесігі.



Александр КОЧЕТКОВ

Аделаида Граббе

Жұпыны бөлме.
Қысқы аязды, ашық таң.

Бетховен

Күлкілі жағдай.
Жеңімнің ішкі астары
Жыртылып қапты, жұмарланыпты қатпары.
Суық сорған ба,
Қырылдап көне иығым,
Қимылдатпайды.
Бәрінен бірақ қиыны,
Әлгі кіргенде,
Сықырлап басқан қадамын
Естімей сірә қаламын.
Жарайды, қойшы
өлгелі мына жер ескі,
Елемей кеткем елесті.
Партитураны бітіру бірақ керек-ті.
Белгісіз бір дерт сыздатып шықты арқаны,
Сынған маятник бар тағы,
Қарт Бетховен. Жазса дағы күн-түні,
Біте қоймас,
Күлкілі!

(есікке айқайлайды)

-Ей! Әміршім!
Ашпын мен. Суықта салды азапқа!

Үй иесі, кемпір
(есік артынан)

Үлгерерсің!

(отын алып кіреді)
Үйге қыстырылып мысық енеді

Қыт-қыттама таң атпай.

(отынды камин алдына қояды)

Б е т х о в е н

Рахмет, қамқоршым!

Қандай екен далада?

Керемет таң!

Баяғыдай ескі шығар ауа да? Ә?

О т б а с ы

О, қоқысшы, мылжыңым!

Тыңдау үшін бір сені,

Уақытым жоқ.

Б е т х о в е н

Фрау Марта, білсеңіз,

Сізбен осы сұхбаттасқан кезімнен,

Әр қадамы дайын тұрған ұрысқа,

Орфейді де соқыр қылған дыбысқа,

Даналықты сезінем...

О т б а с ы

Алжыған тоты!

Б е т х о в е н

Тамаша ғой!

Айналада бітеу, меңіреу үнсіздік.

Әй, тоқтай тұр!

Қадір тұтып мен сізді,

«Лакушоса-ға» жеткеміз жоқ бір елі.

Он марка бар!

Ақша тапшы үнемі.

Шақшаны да арзан саттым, білемін.

ШЫҒЫНЫМ КӨП,
Балауыз шам, қағаз, қалам,
Бар тағы да жиенім...

О т б а с ы

Жарар енді!
О, қоқысшы саудегер!

(кетеді)

Б е т х о в е н

Дұрысы осы
Күзғын - құлқын кәуірім.

(мысықты көреді)

О! Бармысың бауырым!
Сәлем, Гензель!
Көңіл күйің жаман емес қарасам.
Ұшқын шашып тұр ғой өңің, Тамаша!
Не тілейсің? Қарынға нәр түсті ме?
Естімедім... Не дедің? Не?
Естімедім түкті де!

Жә, жарайды.

Отын жарып, қам жасаған дұрыс-ты.

(пеш алдында күйбендейді)

Қарғыс атсын! Қарттар үшін,
Ерлер үшін жаралмаған жұмысты!

(камин түгіндейді)

Міне түгін түкіретін пәлесі.

(есік артында дауыстар)

О т б а с ы

Кімге дейсің? Сазгерге ме?
Міне есік. Жүр бері...

(о т б а с ы мен Аделаида Граббе кіреді)

Бұл не тағы? О, есуас!
Өртемек пе бұл мені? Тіфә!

Аделаида

(үй иесіне)

Барыңыз!

(бөлмеге енеді)

Бетховен оны көрмейді.

Бетховен

(камин алдында)

Болған еді,

Қол бар еді-аусарым!

Періштенің қанатындай саусағы.

Пешке отын қалаушы еді текшелеп,

Лапылдайтын алау, арман бетпе-бет.

Болған еді. Сонау жылда, есімде,

Әйел барда, мынау жердің бетінде.

Аделаида

Маэстро!

Кешіріңіз... көмектесем... мен сізге ...

Бетховен

(естімейді)

Саламандра

Билеуші еді жалында...

Кім алды екен көрігімді?

Қалмапты түк жадымда...

(түтін ішінен Аделаиданы
көріп дауыстайды)

Ә! Міне Ол!

(Аделаида алға аттайды.

Бетховен үреймен кері шегінеді)

Аулақ! Не тілейсің сен менен?

(есін жиып, қызға ашумен қарап)

Кімсің өзің?

Рұхсатсыз қалай ендің бөлмеме? Не?

Аделаида

Кешіріңіз...

Мен... түгінге кенелдім...

Бетховен

Түсінбедім! Қаттырақ айт!

Мен, Бетховен - керемін.

Аделаида

Құдайым ау! Мен білмеппін...

Бетховен

Сабыр ет.

Дәптер бар-тын...

Міне.. Мында, керегінді жазып өт...

Аделаида

Не боп кетті?

Мен түкке де түсінбесем керек-ті...

Бетховен

Кешіріңіз!

Қайдағы бір есіме алып елесті,

Шошытыппын...

Аделаида

О, сұмдық!..

(жазады)

Бетховен

(жан жағына қарап)

Неткен былық!...

Бітірсеңіз көрейін.

(дәптерді алып, оқиды)

«Мүмкін болса...

Пешіңізді....мен тұтатып берейін...»

Бәрекедді!

Қуантады, жастарымның бұл ісі...

Міне шала...

Өз үйіндей ерікті бол, дұрысы...

Мен шаршадым...

Және мынау... әйелдердің жұмысы.

(креслоға отырады)

Аделаида пешті жағып,

отқа шәэйнек қояды.

Бетховен бақылап отыр.

Б е т х о в е н

Қолы жеңіл...

Кәсібінен көрмеді бір жаңылып.

Саусақтары? Саусақтары!!! Иә.. Иә..

Музыкант қой... таныдым...

(Аделаидаға)

Есіміңіз кім болады?

(дәптерді нұсқайды)

Аделаида жазады.

Аделаида Граббе? Жақсы болды танысым...

Үлгеріпсіз отпенен тіл табысып.

Жаз тағыда.

Кімсің? Қайдан? Не үшін

Келдің мұнда?

Көп сұраққа келісім

Табу қиын. Қысылма тек... Әрине...

Музыка ғой себеп болған бәріне.

Фортепьяно? Иә, онда аянбай,

Қысқа ғана мақсатыңды баянда.

Аделаида

(жымылып)

Тырысайын...

(жазады)

Бетховен

(өзіне өзі)

Миньона?

Шыныменен элем элі өлмеген.

Күн нұрына шэйіп шашын тарайды,

Алтын тарақ желменен.

(кыз дәптерді ұсынады, Бетховен оқиды)

«Бармақшымын Венаға,

Ұзақ концерт жолында

Бетховеннің сонатасын орындау,

Мына маған жүктеліп тұр.

Қасиеттен аттар кім,

Бетховенге табынатын жастардың,

Кішісімін.

Күдіретіңе сендік те,

Батаңызды сұрай келдік,

Осынау бір ерлікке...»

Періштем-ау! Кім бұлданар мұндайда...

Айтшы бірақ. Демек Вена,

Шыныменен Бетховенді тыңдай ма?

Аделаида

О!!!

Бетховен

Симайды екен ақылға.

Аделаида Граббе

(Фортепианоны нұсқап)

Отыр кэне, жақында...

Тыңдап тұрмын.

А д е л а и д а

(таңырқап)

Бірақ... калай?

Б е т х о в е н

Саспаңыз.

Мен сеземін...

Біріншіден бастаныз.

(Аделаида ойнайды)

Бетховен басын қолыменен қысып,
өзіне өзі күбірлеп отыр.

Жалған бәрі!

Әндетпейді ортамыз.

Отар болып өкіреді. Қасапшыдан қорқады.

Мен де қорқам, Сабылып,

Миым ағып құлаққа,

Кетер ме бас жарылып.

(Аделаидаға өктем үнмен)

Тоқтатыңыз!

(қыз абдырап қалады)

Сіз екенсіз ғажайыбы ғаламның.

Мен ойнайын құрметіне Сіздей ғажап

адамның.

(фортепьяноға отырады)

Қыз алдында тұр.

Соныменен Аделаида Граббе

Вольфганг Моцарт-Ұлы сазгер ме?

(Аделаида үнсіз)

Мынау бықи-тықиды да

Барама ауыз саз деуге?

(Клавишаны теріп өтеді)

Жоқ! Жоқ! Саз емес бұл,

Саз... ол мылқау. Өлімдей...

Араны аш тығырық...

Жұтып қояр көрінбей!

Әлде, мүмкін, карапайым тыныс па?

Бақыт па?

Әлде төнген қайқы қылыш па?

(бөлмеде әрлі берлі жүреді)

Мынау тәтті менуэт,

Ол да тіпті саз емес.

Кеңістікті құшпақ болған,

Болашаққа ұшпақ болған,

Ұмыт қалған мына мен-

Бетховеннің өмірі де мәз емес!

Ә?

Қойдым, қойдым...

«De mortuis aut bene Aut nihil...

Солай Бибім! Кешігіппін іркіліп!

(күбірлеп жүреді)

Жалғызбын мен...

Жалғыздық та күлкілі!

(кенет қызға жақындап)

Мұжықпын ғой!

Маған күндіз жер өңдеп,

Кешке жүйке ағашындай көлендеп,

Волынкада ойнасам,

Аруақтарды билетпей бір қоймасам!

(қыз бетіне үңіледі)

Кешіріңіз...

Шошытыппын сізді текке. Осы рас.

Бұл Бетховен, ептеп миы ашығанмен,

Емес мүлдем есуас.

Бұндайды кім ойлапты.

Ойдағысын өзіне айтып,

Өзін өзі естімейтін бейбақпын.

(отырады)

Қолыңды бер!

Сөйле, кәне өзің жайлі,

Өмір жайлы, әлем жайлы мұң жайлы.

Аделаида Граббе, сізді естимін.

Көңілі ояу, керең Сізді тындайды.

А д е л а и д а

Құдайым-ау!

Неге бұлай жаратылған бұл әлем,
Тартып ауыр қасіретін, күнәмен.
Оранып ап қорқынышты кебінге,
Соңғы мақсат, мағынасыз өлім бе?

Б е т х о в е н

Иә! Иә! Түсінемін. Сіздіңше
Әлем ғажап, тыныстайды гүлденіп,
Береді оған Ай мен Жұлдыз, Күн көрік.
Айналамыз әнге толған бақ-абат,
Ай!
Жұлдыз!
Әлем!
Бәрінен де көріктілеу махаббат.
Жалғастыршы!

А д е л а и д а

Осыдан,
Құтқара алсам Сізді тозақ отынан,
Сәтте болса жылынар ма жаныңыз!
Міне, қолым!
Міне, өмірім, алыңыз!

Б е т х о в е н

Түсінемін! Ойыңызды жас адам!
Сүйек еттен өрімдей ғып,
Өріп Сізді жасаған,
Кемеңгер ғой Тәңірім!
Орында оның әмірін!
Сіз де солай дейсіз! Ә!!!

А д е л а и д а

(сезіммен)

Қалдырмаймын мен Сізді!

Б е т х о в е н

Не дедіңіз?

Естімедім. Қап... мына...

Түтік бар ед... Таптым! Енді жақсылап,

Қайталаңыз!

Айқайлаңыз қаттырақ!

А д е л а и д а

(түтікке айқайлап)

Қалдырмаймын мен Сізді!

(шәйнек бұрқырап қайнайды)

Шәйнек, шәйнек!!!

(каминге жүгіреді. Бетховен

Басы салбырап үнсіз отыр.

Қыз шәйнекпен оралады)

Шәй де дайын, мінекей!

Б е т х о в е н

Рахмет!

Қалдырмаймын дейсіз бе?

Аделеида Граббе! Мені Сіз

Қалдырасыз дәл қазір!

Жыламаңыз! Мен үшін

Жасадыңыз Сіз ғаламат ғажайып.

Көңіл кірден тазарып,

Мен де міне көркейдім.

Қайта көріп көлеңкесін Орфейдің.

А д е л а и д а

(мойынына асылады)

Қалдыра алман мен Сізді!

Бетховен

(мандайынан сүйеді)

Рахмет!

Таста мынау елсізді!

Халыққа бар! Дыбысқа бар, еркелеп,

Дәл осы сәт алыстамын мен сенен.

Аделаида!

Жылдар өтер,

Мүмкін сонда, үні осы бір қыздың,

Жетер маған үшқыны боп жұлдыздың.

Қанаты боп самалдың,

Сен сол үшін жаралдың!!!



МАЗМҰНЫ

НЫСАНА.....	3
ҚАЗАҚСТАНЫМ.....	4
ҚҰЙҒАН.....	6
ІЛЕ.....	7
«Жаның тыныш, достарың күндемесе...»... .	8
ЖАУЫРТАУ.....	9
ТАҢ.....	10
«Бабаларым бір белгі білсе тегі...».....	11
«Дүние-жалған!..».....	12
«Түсті тағдыр ауыр сынға...».....	13
«Жыламаймын...».....	14
ҚҰЛПЫТАСТАҒЫ ЖАЗУ.....	15
АНАФЕМА.....	16
РЕИНКАРНАЦИЯ.....	17
ҚАРЫН.....	18
ЕМЕН МЕН ІШЛІК.....	19
«Толассыз көшіп өмір керуені...».....	20
«Жауда қалса қайтер ең қандастарың...».....	21
«Топанынан тарихтың қалғанда аман...».....	22
АНАМНЫҢ ТІЛІ.....	23
«Көшпенділерде екiнiң бiрi Ақын...».....	24
ҚАРАСУЫҚ.....	25
«Арбаудан астын әлемнiң...».....	26
«Қыр төсінде қаз басқан майқарағай...».....	27
СӘТ.....	28
ҚАРҒА.....	29
«Адамдар-ай!!!».....	30
«Көшеде сұлап жатқан бiреу көрдiм...»... .	30
«Тағдырыңа абзал ғой бағынғаның...».....	31

«Аңғал жүрек, өмірден не білесің?..».....	32
«Өткен іске өкінбе!!!».....	33
«Не силаймын мен саған?..».....	34
«Араным аш, жылан тілі жалаған...».....	35
«Көктем биыл кешікті, сағындырды...».....	36
МӘУЛІТ ТҮНІ.....	37
«Толғатып шықты қала түнімен...».....	38
МЕТАЛЛУРГТЕР ДАҢҒЫЛЫНДА.....	39
1995 ЖЫЛ.....	40
КОМБИНАТТАН РЕПОРТАЖ.....	41
ҚОРҚЫТТЫҢ КҮЙІ — «ЖАУЫРТАУ».....	46
«О, Махаббат!..».....	53
ДИЛЕММА.....	53
«Зеңгір көктің күмбірлетіп шанағын...».....	54
«Көл шетінде..».....	55
«Нәзік бейнең ай нұры кескіндеген...».....	56
ПСИХЕЯ МАХАББАТЫ.....	57
ӘЙЕЛ ТӘУЕКЕЛІ.....	59
«Боран ұлып, бастан бақ ұшты мүлде...».....	60
«Қараңғы түн. Ауырлап кірпіктерім...».....	61
«Жеті тәулік жанары тұмандатып...».....	62
«Күнге сені теңедім лапылдаған...».....	63
«Талай-талай торабында жорықтың...».....	64
«Тағдырдың жазғаны ма?...».....	65
ҰЛЫМ, САҒАН АЙТАМ.....	66
НҰҰР ЖАУСЫН.....	72
ТЕРМЕ.....	73
ҚҰМДАР.....	74
ШАЙТАНКОЛ.....	76
МҮСІН.....	77
КАЛАДА.....	79
ЖҰЛДЫЗШАЛАР.....	80
ЖАЛҒЫЗ АРУ.....	81
ЫСТАМБУЛДЫҢ КЕДЕНІ.....	83

АВСТРАЛИЯ ДЭПТЕРІ.....	84
ЗҰЛЫСТЫҢ ҚЫЗЫ.....	90
НАТАЛИ-НАМЕ.....	97
АУДАРМАЛАР.....	109
А.С.ПУШКИННЕН «Сүйдім сізді!..».....	109
С. ЕСЕНИННЕН «Қош бол достым!..».....	110
ЕВГЕНИЙ ЕВТУШЕНКОДАН.....	111
Күрсіну.....	111
Жауапсыз махаббат.....	112
«Айтқым келеді айтуға болмайтындарды...».....	114
ЖЕРТӨЛЕ (А. Сурков).....	115
Александр КОЧЕТКОВ	
Аделаида Граббе.....	116



Ботанов Қасым

ЖИҢАНГЕР ЖҰЛДЫЗ

Басуға 11.06.2010 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.

Офсет қағазы. Офсеттік басылыс.

Көлемі 8,25 баспа табақ. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді. Тапсырыс № 179

«АРКО» ЖШС-нің баспаханасы.

100008, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 2-үй.